



Бекітемін

С.Торайғыров атындағы ПМУ  
ректоры

А. Орсариев

2016 ж. «07» 06

**2016 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне  
жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларына (магистратура,  
докторантура) оқуға қабылдаудың қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. С. Торайғыров атындағы ПМУ осы Қағидалар магистратура мен докторантураға қабылдау «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27 шілде 2007 жылғы Заңына сәйкес әзірленген.

2. Магистранттар контингентің қалыптастыру ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

Әскери оқу орындарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар егер олар осы дейгейдегі білімді бірінші рет алатын болса, олар жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін ала алады.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

2-1. Докторантураға ақылы түрде ағылшын тілде оқуға қабылдау ашылды.

3. Магистратура мен докторантура тұлғаларын қабылдау түсу емтихандарының қорытындысы бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4. Магистратура мен докторантураға қабылдау даярлау мамандықтарын көрсете отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құжаттарды қабылдау күніне дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей жарияланады.

5. Максатты түрде даярлау шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға үміткер азаматтардың өтініштерін қабылдау магистранттар мен докторанттарды даярлауды жүзеге асыратын ҚР БҒМ (бұдан әрі – базалық ЖОО) жүзеге асырылады.

6. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің магистратура мен докторантура мамандықтары Қосымша1 көрсетілген.

7. Магистратура мен докторантураға түсушілердің өтінішін қабылдау 20 маусымнан 30 шілдеге дейін жүргізіледі.

Магистратура мен докторантураға түсу емтихандары 1 тамыздан 20 тамызға дейін, қабылдау 25 тамызға дейін жүргізіледі.



## **2. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне жоғары оқу орнынан кейінгі қабылдау тәртібі**

### **Магистратура мен докторантураға түсу үшін құжаттарды қабылдаудың тәртібі**

8. Магистратураға жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын игерген азаматтар қабылданады.

9. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы ректор болып табылады.

9-1. Шет тілінде берілген құжаттардың нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

Халықаралық келісімдер бойынша шетелдік білім беру мекемелер берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасында есептеледі.

Қабылдау комиссияның құрамы ректор бұйрығымен бекітіледі.

10. Магистратураға түсетін тұлғалар келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) ректор атына өтініш;
- 2) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 3) осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі (бар болса);
- 4) кадр есебі бойынша жеке іс парағы және еңбек қызметін растайтын құжат(еңбектің өтілі бар тұлғалар үшін);
- 5) 3x4 сантиметр мөлшеріндегі алты фотосурет;
- 6) 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
- 7) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімін (бар болса).

Сонымен қатар осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелері және салыстыру үшін түпнұсқалары қоса ұсынылады.

11. Докторантураға «магистр» академиялық дәрежесі бар немесе медицина мамандығы бойынша резидентураны бітірген тұлғалар қабылданады.

12. Докторантураға түсүші тұлғалар келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) ректор атына өтініш;
- 2) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 3) білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) осы Қағидаларының 4-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі (бар болса);
- 5) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болса);
- 6) 3x4 сантиметр мөлшердегі алты фотосурет;
- 7) 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
- 8) кадрлар есебі бойынша жеке іс парағы және еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін).

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін түпнұсқалары ұсынылады.



## Түсу емтихандарын өткізу тәртібі

13. Шетелдіктерді қоспағанда, магистратура мен докторантураға түсуші Қазақстан Республикасының азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар түсу емтихандарын:

- 1) таңдау бойынша бір шет тілінен (ағылшын, француз, неміс);
- 2) мамандық бойынша тапсырады.

14. Магистратура мен докторантураға түсуші шетел азаматтары түсу емтихандарын:

- 1) мемлекеттік немесе орыс тілдері бойынша (оқыту тілі);
- 2) мамандық бойынша тапсырады.

1. Test of English as a Foreign Language, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP), (TOEFL, шекті балл - кемінде 560), International English Language Tests System (IELTS, шекті балл - кемінде 6.0), Grundbaustein DaF (шекті балл - C 1), Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, шекті балл - C 1), Diplome d'Etudes en Langue française (DEL F, шекті балл - B 2), Diplome Approfondi de Langue française (DALF, шекті балл - C 1) Test de connaissances de français (TCF, шекті балл - кемінде 400) бағдарламалары бойынша шет тілінен (ағылшын, француз, неміс) тест тапсырғаны туралы сертификаты бар Қазақстан Республикасының азаматтары магистратураға мен докторантураға шет тілі бойынша түсу емтихандарынан босатылады.

15. Магистратура мен докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезінде мамандықтар бойынша емтихан комиссиялары құрылады.

16. Мамандық бойынша емтихан комиссиясы тиісті мамандықтар бойынша ғылыми дәрежесі бар және ғылыми ұйымдар қызметкерлерінен, жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес сәйкес арнайы салалардан жоғары тәжірибелі мамандардан қалыптастырылады.

Емтихан комиссияның құрамы төраға және 3 адам комиссия мүшелері, олардан екісі ғылым докторы, (МБ ИИД- 2 бағдарламасы көлемінде түсетін болса) сәйкес салалардан тәжірибелі мамандардан, бизнес бірлестік өкілдерінен тұрады.

Мамандық бойынша емтихандық комиссиясының құрамы төраға және үш мүшеден тұрады, онын екеуі ғылым докторы болуы керек.

Мамандық бойынша емтихандық комиссия құрамы ректор бұйрығымен бекітіледі.

17. Мамандық бойынша емтихан өткізу кезінде бақылаушы ретінде білім беру саласындағы ҚР БҒМ өкілдері жіберіледі.

18. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті емтихандарды өткізуге күнтізбелік жиырма күн қалғанға дейін білім беру саласындағы ҚР БҒМ мамандықтар бойынша түсу емтихандарын өткізудің кестесін жібереді.

19. Мемлекеттік, орыс және шет тілдері бойынша түсу емтихандары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген технология бойынша өткізіледі.

20. Білім беру саласындағы ҚР БҒМ мемлекеттік, орыс және шет тілдері бойынша түсу емтихандарын өткізу тәртібін айқындайды.

21. Мемлекеттік, орыс және шет тілдері бойынша түсу емтихандары білім беру саласындағы ҚР БҒМ белгіленген С.Торайғыров атындағы ПМУ-де өткізіледі.

С. Торайғыров атындағы ПМУ-да мамандықтары бойынша түсу емтихандары тестілеу, жазбаша, кешенді түрде ұйымдастырылады, жеке жағдайларда Ғылыми



Кеңестің шешімі бойынша ауызша (питч түрінде баяндама).

22. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

23. Бірыңғай талаптарды сақтауды және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету мақсатында Апелляцияны қарау жөніндегі Республикалық комиссия және С.Торайғыров атындағы ПМУ-де апелляциялық комиссия құрылады.

Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы білім беру саласындағы ҚР БҒМ бұйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссияның құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссия түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін құрылады.

24. Апелляциялық комиссия магистратура мен докторантураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарын мазмұны мен техникалық себептер бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

Апелляциялық комиссия мамандық бойынша түсу емтихандарының нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балдар қосу туралы шешім қабылдайды.

Апелляциялық комиссия мемлекеттік, орыс және шет тілдері бойынша апелляцияларды қарау нәтижелерін республикалық апелляциялық комиссияға жібереді.

Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негізділігін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы түскеннен кейін бір күн ішінде мемлекеттік, орыс және шет тілдері бойынша түсу емтихандарының нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балдар қосу туралы шешім қабылдайды.

25. Апелляцияға берілетін өтінішті магистратура мен докторантураға түсуші тұлға апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептер бойынша өтініштер түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтініш берген күннен бастап бір күн ішінде қарастырады.

Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

26. Апелляциялық комиссия өтінішті қарау кезінде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

27. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

### **3. Магистратура мен докторантураға қабылдау**

28. Магистранттар және докторанттар қатарына қабылдауды қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

29. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түсу емтихандарының қосындысында осы Қағидаларға Қосымшаға 2 сәйкес бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша 150 балдан кем емес ең жоғары балл жинаған тұлғалар қабылданады.

1) ғылыми-педагогикалық магистратура және докторантура үшін 150 баллдан кем емес;



2) профильды магистратура үшін 130 баллдан кем емес, соның ішінде шетел тілден 30 баллдан кем емес.»;

Осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаты бар Қазақстан Республикасының азаматтарына бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша ең жоғары балл қосылады.

31. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда қабылдау кезінде басым құқық мамандық бойынша ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі, егер мамандық бойынша түсу емтихандарының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда басым құқық мемлекеттік, орыс және шет тілдері бойынша ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң таңдаған мамандығының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері ескеріледі.

32. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистрлер мен философия докторларын (PhD) мақсатты даярлауға тұлғаларды қабылдау аталған даярлауға үміткер тұлғалар арасында конкурстық негізде жүзеге асырылады.

33. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде мақсатты орындар ЖОО арасында одан әрі қайта бөлу үшін білім беру саласындағы ҚР БҒМ қайтарылады.

34. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті білім беру саласындағы ҚР БҒМ күнтізбелік он күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратура мен докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.



## 1 Қосымша

№	Магистратура мамандықтарының атауы және шифры	
1	6M010300	Педагогика және психология
2	6M011100	Информатика
3	6M011700	Қазақ тілі және әдебиеті
4	6M020100	Философия
5	6M020300	Тарих
6	6M020400	Мәдениеттану
7	6M020500	Филология (қазақ, орыс)
8	6M020800	Археология және этнология
9	6M050100	Әлеуметтану
10	6M050200	Саясаттану
11	6M050300	Психология
12	6M050400	Журналистика
13	6M050600	Экономика
14	6M050700	Менеджмент
15	6M050900	Қаржы
16	6M051100	Маркетинг
17	6M060100	Математика
18	6M060200	Информатика
19	6M060400	Физика
20	6M060600	Химия
21	6M060700	Биология
22	6M060800	Экология
23	6M060900	География
24	6M070100	Биотехнология
25	6M070200	Автоматтандыру және басқару
26	6M070300	Ақпараттық жүйе
27	6M070900	Металлургия
28	6M071200	Машина жасау
29	6M071300	Көлік, көліктік техникасы және технологиялары
30	6M071600	Аспап жасау
31	6M071700	Жылу энергетикасы
32	6M071800	Электр энергетикасы
33	6M072000	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы
34	6M072100	Органикалық заттардың химиялық технологиясы
35	6M072400	Технологиялық машиналар және жабдықтар



36	6M072700	Азық-түлік тағамдары технологиясы
37	6M072900	Құрылыс
38	6M073000	Құрылыс материалдарын бұйымдарын және конструкцияларын өндіру
39	6M073100	Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі
40	6M073200	Стандарттау және сертификаттау
41	6M074500	Көлік құрылысы
42	6M075000	Метрология
43	6M080100	Агрономия
44	6M080200	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы
45	6M090200	Туризм
46	6M090500	Әлеуметтік жұмыс
47	6M091000	Кітапхана ісі
<b>Докторантура мамандықтарының атауы және шифры</b>		
1	6D010300	Педагогика және психология
2	6D050600	Экономика
3	6D050900	Қаржы
4	6D060700	Биология
5	6D071800	Электр энергетикасы



## Қосымша 2

Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына қосымша

### Бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша бағаларды ауыстыру жүйесі

Бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша балдар	Бағалаудың 4 балдық шәкілі бойынша балдар
95-100	Өте жақсы (5)
90-94	
85-89	Жақсы (4)
80-84	
75-79	
70-74	Қанағаттанарлық (3)
65-69	
60-64	
55-59	
50-54	
30-49	Қанағаттанарлықсыз (2)
0-29	

Профильды магистратурада есептеледі

«Қанағаттанарлықсыз» баға 0 до 29 балдан